



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ
ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Д. СЕРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ТЕХНИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ»**

КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ ДЕПАРТАМЕНТІ

ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

БЕКІТЕМІН

Басқарма төрайымы –

«Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ
ректоры

Рахметуллина С.Ж.

20.06.2024 г.

**«Д. СЕРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ ШҚТУ» КеАҚ-да
«Д. СЕРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ ШҚТУ ХАБАРШЫСЫ»
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫНДАҒЫ ҚОЛЖАЗБАЛАРДЫ
РЕЦЕНЗИЯЛАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

«ШҚТУ» КеАҚ Е 089-II-2024

Өскемен
2024

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Редакция: қайталама
Біріктірілген менеджмент жүйесі	«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ хабаршысы» ғылыми журналындағы қолжазбаларды рецензиялау туралы ереже «ШҚТУ» КеАҚ Е 089-11-2024	11 беттің 2- беті

Ереже ISO 9001:2015, ISO 37001:2016 халықаралық стандарттарының негізінде, сондай-ақ Еуропалық жоғары білім беру кеңістігіндегі (ESG) сапаны қамтамасыз ету стандарттары мен ұсыныстары негізінде Ғылыми-зерттеу қызметі департаментімен әзірленді.

«Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ Ғылыми-техникалық кеңестің отырысында талқыланды, 30.05.2024 ж. №2 хаттама.

Бекітілген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Редакция: қайталама
Біріктірілген менеджмент жүйесі	«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ хабаршысы» ғылыми журналындағы қолжазбаларды рецензиялау туралы ереже «ШҚТУ» КеАҚ Е 089-11-2024	11 беттің 3- беті

Мазмұны

1. Мақсаты және қолдану саласы	4
2. Нормативтік құжаттар	4
3. Терминдер және анықтамалар. Қысқартулар	4
4. Жалпы ережелер	5
5. Рецензиялауды ұйымдастыру	6
6. Рецензиялауға қойылатын талаптар	8
7. Қорытынды ережелер	9
1-қосымша – Қолжазбаны рецензиялау нысаны	10
2-қосымша – Өзгерістерді тіркеу парағы	11

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Редакция: қайталама
Біріктірілген менеджмент жүйесі	«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ хабаршысы» ғылыми журналындағы қолжазбаларды рецензиялау туралы ереже «ШҚТУ» КеАҚ Е 089-11-2024	11 беттің 4- беті

1. Мақсаты және қолдану саласы

1. Осы Қолжазбаларды рецензиялау туралы ереже «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ хабаршысы» ғылыми журналының (бұдан әрі – журнал) редакциясына келіп түскен қолжазбалардың авторлық түпнұсқаларын рецензиялау тәртібі мен рәсімін анықтайды.

2. Қолжазбаларды рецензиялау журналдың редакциялық алқасымен ұйымдастырылады және басылымның жоғары ғылыми-теоретикалық деңгейін қамтамасыз ету және қолдау және аса құнды және өзекті (перспективалық) ғылыми жұмыстарды іріктеу мақсатында жүзеге асырылады. Рецензиялау рецензиялаушы топпен, оның ішінде басылымның редакциялық алқасының мүшелерімен жүзеге асырылады.

3. Журналға жариялау үшін ұсынылған барлық қолжазбалар рецензиялауға жатады.

4. Осы Ереженің талаптары рецензиялау рәсіміне қатысатын барлық тұлғалар үшін міндетті.

2. Нормативтік құжаттар

5. Осы Ережені әзірлеу кезінде келесі нормативтік құжаттар қолданылды:

1) «Ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізбесіне қосу үшін ғылыми басылымдарға қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 20 бұйрығы;

2) ISO 9000:2015 Сапа менеджментінің жүйесі. Негізгі ережелер және сөздік.

3) ISO 9001:2015 Сапа менеджментінің жүйесі. Талаптар.

4) ISO 37001:2016 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі. Талаптар және Қолдану жөніндегі нұсқаулық.

5) «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ ішкі нормативтік құжаттары.

3. Терминдер және анықтамалар. Қысқартулар.

6. Осы Ережеде келесі терминдер, анықтамалар және қысқартулар қолданылады:

1) **Автор / авторлар ұжымы** – бұл ғылыми зерттеу нәтижелері бойынша қолжазбаны жасауға қатысатын адам немесе адамдар тобы.

2) **Корреспонденттік автор** – қолжазбаны тапсыру, рецензиялау, жариялау процесі кезінде басылыммен қарым-қатынас жасау жауапкершілігін өз мойнына алатын, сондай-ақ барлық әкімшілік талаптарды орындауға кепілдік алатын авторлардың бірі. Корреспонденттік автор қолжазбаны тапсыру, қарау және рецензиялау кезеңінде қол жетімді болуы керек.

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Редакция: қайталама
Біріктірілген менеджмент жүйесі	«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ хабаршысы» ғылыми журналындағы қолжазбаларды рецензиялау туралы ереже «ШҚТУ» КеАҚ Е 089-11-2024	11 беттің 5- беті

3) **Бас редактор** – редакцияны басқаратын және журналды шығаруға қатысты соңғы шешім қабылдайтын тұлға.

4) **Қос «жасырын» рецензиялау** – не автор / авторлар ұжымы, не рецензиялаушы бір-бірінің жеке басы туралы хабарсыз болатын рецензиялау рәсімі.

5) **Баспашы** – автордың/авторлар ұжымының, делдалдың немесе өз бастамасы бойынша басылымдарды немесе бұқаралық ақпарат құралының өнімдерін дайындауға, өндіруге және шығаруға жауапты жеке (кәсіпкер) немесе заңды (ұйым) тұлға.

6) **Модератор** – процестің барлық қатысушылары арасындағы байланысты ұйымдастыру рөлін орындайтын және қолжазбаның журнал талаптарына сәйкестігін техникалық тексеру бойынша жұмыстарды жүзеге асыратын ЖОО қызметкері.

7) **Плагиат** – біреудің туындысын өз атынан жариялауға беру және дереккөзді көрсетпей үзінділерді иелену. Егер ресми автор туындының бірлескен авторлары бар екенін саналы түрде атап өтпесе және өзін жалғыз автор деп жарияласа, бұл плагиат болып саналады.

8) **Редакциялық алқа** – журналды қалыптастыру және шығару бойынша барлық жұмыс кешенін жүзеге асыратын басқару органы.

9) **Рецензиялаушы** – ғылыми журнал атынан әрекет ететін, авторлық материалдардың жариялану мүмкіндігін анықтау мақсатында ғылыми сараптама жүргізетін сарапшы. Барлық рецензиялаушылар рецензияланатын материалдардың тақырыбы бойынша танылған мамандар болып табылады. Рецензиялар журнал порталында сақталады және тіркеледі.

10) **Рецензиялау** – автордың / авторлар ұжымының және редакцияның қолжазбаны жетілдіруі үшін маңызды болып табылатын қолжазбаны жариялау орындылығын анықтау, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау мақсатында рецензиялаушылардың жариялауға ұсынылатын қолжазбаны қарау және сараптамалық бағалау рәсімі.

11) **Қолжазба** – зерттеушімен баспаға ұсынылған мәтіндік редакторда басылған немесе өңделген құжат.

12) **ISO** – халықаралық стандарт.

13) **БМЖ** – біріктірілген менеджмент жүйесі.

14) **ҚР ҒЖБМ** – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі.

15) **«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ** – «Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

4. Жалпы ережелер

7. Рецензиялауға «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ хабаршысы» ғылыми журналындағы авторлардың қағидаларында баяндалған өлшемшарттарға қатаң

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Редакция: қайталама
Біріктірілген менеджмент жүйесі	«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ хабаршысы» ғылыми журналындағы қолжазбаларды рецензиялау туралы ереже «ШҚТУ» КеАҚ Е 089-11-2024	11 беттің 6- беті

сәйкес ресімделген, бұрын басқа баспа басылымдарында жарияланбаған түпнұсқа қолжазба рұқсат етіледі.

8. Қолжазба материалдары ашық сипатта болуы тиіс. Шектеу белгісінің болуы материалдың жарияланымнан ауытқуына негіз болады,

9. Қолжазба журнал бейініне сәйкес келген және рәсімдеуге қойылатын барлық талаптар сақталған жағдайда редакция қолжазбаны қарауға қабылдайды. Бас редактор оны рецензиялауға жібереді.

10. Рецензиялаушылар автоматты режимде электрондық поштаға хабарландырумен қолжазбаны алады.

5. Рецензиялауды ұйымдастыру

11. Рецензиялауға танылған беделі бар және қолжазбаның мазмұны жататын білім саласында жұмыс істейтін ғалымдар тартылады. Рецензиялаушының доктор / ғылым кандидаты / философия докторы (PhD) / хабилизацияланған доктор (Dr. habil) дәрежесі болуы керек. Рецензиялау үшін бөгде ғылыми ұйымдардың қызметкерлері тартылуы мүмкін.

12. Рецензенттер «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ хабаршысы» ғылыми журналының жариялау этикасын ұстануға міндетті.

13. Өздері жіберген қолжазба бойынша қорытынды шығаруға құзыретті емес деп санайтын немесе көрсетілген мерзімде қарауға уақыты жоқ рецензиялаушылар редакциялық алқаны жазбаша хабардар етуге және үш жұмыс күні ішінде рецензиялаудан бас тартуға тиіс

14. Рецензиялау мерзімдері келесідей айқындалды: мақаланы алған күннен бастап бір айдан кешіктірмей. Қосымша рецензиялау қажет болған және / немесе бейінді рецензиялаушы уақытша болмаған жағдайда мерзім ұзартылуы мүмкін.

15. Редакция қолжазбаларды рецензиялаудың келесі жүйесін қолданады:

1-деңгей – модератордың журналдың ресми өлшемшарттарына, бейініне және тақырыптық бөлімдеріне сәйкестігін техникалық тексеруі. Бұл кезеңде қолжазбаны түзетуді қажет ететін қателер немесе жеткіліксіз деректер анықталуы мүмкін, бұл туралы авторға / авторлар ұжымына хабарланады;

2-деңгей – қолжазба мәтінінде қолданылатын кірме мәтіннің бар-жоғына тексеру. Модератор қолжазбаны «Antiplagiat» жүйесі арқылы тексереді. Қолжазбаны қабылдау үшін мәтіннің түпнұсқалығы кемінде 65%-дан, мәтіннің сәйкестігі 25%-дан аспауы керек;

3-деңгей – қолжазбаларды «қос жасырын» рецензиялау (double-blind). Ресімдеу және өзіндік түпнұсқалық көрсеткіші бойынша талаптарға сәйкес келетін қолжазбалар екі рецензиялаушыға одан әрі рецензиялау үшін жіберіледі, олардың әрқайсысы өзінің тәуелсіз шешімін шығарады.

16. Қажет болған жағдайда қолжазбалар қосымша рецензиялауға (үш рецензиялаушыға дейін тарта отырып) жіберілуі мүмкін.

17. Рецензиялаушы өзіне жіберілген қолжазбаны белгіленген мерзімде қарайды

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Редакция: қайталама
Біріктірілген менеджмент жүйесі	«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ хабаршысы» ғылыми журналындағы қолжазбаларды рецензиялау туралы ереже «ШҚТУ» КеАҚ Е 089-11-2024	11 беттің 7- беті

және редакцияға берілген қолжазба тілінде тиісті түрде ресімделген рецензияны ұсынады. Рецензиялаушылар келесі шешімдердің бірін қабылдауы тиіс:

- қабылдау: «сол күйінде» (өзгеріссіз *) қолжазбаны қабылдау;
- білінер-білінбес түзетулермен қабылдау (revision): қолжазбаны білінер-білінбес, бірақ қажетті өзгертулермен қабылдау;
- елеулі түзетуден кейін ғана қабылданады: елеулі өзгерістер және тексерудің екінші циклі талап етіледі;
- бас тарту: қолжазбаны қабылдамау (өзгертулер қабылданбайды).

18. Егер рецензиялаушы қолжазбаны түзеткеннен кейін жариялауға ұсынса немесе қолжазбаны қабылдамаса, рецензияда қажет болған жағдайда нақты беттерді көрсете отырып, қолжазбада анықталған мазмұндық және / немесе техникалық кемшіліктерді нақты тұжырымдай отырып, мұндай шешімнің нақты себептерін көрсетуі керек. Рецензиялаушының ескертулері мен ұсыныстары қолжазбаның ғылыми және әдістемелік деңгейін арттыруға бағытталған әділ және түбегейлі болуға тиіс.

19. Рецензиялаушылардың шешімдері әртүрлі болуы мүмкін. Егер бір рецензиялаушы оң шешім, ал екіншісі теріс шешім берсе, онда қолжазба үшінші рецензиялаушыға рецензиялауға жіберіледі. Егер үшінші рецензиялаушының шешімі оң болса, қолжазба жариялауға қабылданады, теріс шешім қабылданған жағдайда қолжазба қабылданбайды. Егер рецензиялаушылардың ескертулері жойылса, онда қолжазба авторға / авторлар ұжымына пысықтау үшін жіберіледі. Қолжазбаны пысықтау авторға / авторлар ұжымына хабарланған сәттен бастап бір аптадан аспауы керек. Журнал редакциясы рецензиялаушылардың ескертулерімен келіспеген авторға / авторлар ұжымына жариялаудан бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

20. Егер рецензиялаушы қолжазбаны елеулі пысықтаудан кейін ғана қабылдауды ұсынса: (елеулі өзгерістер және тексерудің 2-циклі қажет), онда автор / авторлар ұжымы пысықтаған қолжазба рецензиялауға қайта жіберіледі. Өңделген қолжазбамен бірге авторлар бас редакторға рецензиялаушылардың барлық пікірлеріне дәйекті жауап беретін рецензиялаушылардың жауабымен хат жібереді.

21. Екі рецензиялаушының оң қорытындысы болған кезде қолжазба баспашыға жариялауға дайындау үшін беріледі, бұдан әрі қолжазбаға объектінің цифрлық сәйкестендіргіші (DOI) беріледі.

22. Екі теріс рецензия болған жағдайда қолжазбаны журналда жариялаудан бас тартылады.

23. Егер авторға / авторлар ұжымына пысықтауға жіберілген қолжазба өзгертілмеген түрде қайта келіп түскен жағдайда, мақала автоматты түрде қабылданбайды.

24. Редакциялық алқаның рецензиялау нәтижелері бойынша қабылдамаған қолжазбалары редакциялық алқаның өз мақсаттарында пайдаланылмайды. Модератор жариялаудан бас тарту туралы хат-хабарды авторға хабарлайды және рецензиялаушылардың қорытындыларын жібереді.

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Редакция: қайталама
Біріктірілген менеджмент жүйесі	«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ хабаршысы» ғылыми журналындағы қолжазбаларды рецензиялау туралы ереже «ШҚТУ» КеАҚ Е 089-11-2024	11 беттің 8- беті

25. Автор / авторлар ұжымы қолжазбаны пысықтаудан бас тартқан жағдайда, қолжазбаны қайта қараудан және жариялаудан бас тартқаны туралы редакцияға жазбаша нысанда хабарлауы тиіс. Егер автор / авторлар ұжымы рецензиялаушы оған жауап жіберген күннен бастап бір ай өткеннен кейін қолжазбаның пысықталған нұсқасын ұсынбаса, редакция қолжазбаны қараудан алып тастайды. Мұндай жағдайларда автор / авторлар ұжымы пысықтауға бөлінген мерзімнің өтуіне байланысты қолжазбаның қараудан алынғаны туралы хабардар етіледі.

26. Қолжазбаны шамалы, бірақ қажетті өзгерістермен қабылдаған кезде автор хат-хабар үшін журналдың <https://vestnik.ektu.kz> веб-сайтындағы жеке кабинетте тиісті хабарлама алады.

27. Журналдың редакциялық алқасының отырысында қолда бар рецензиялар мен ұсыныстар негізінде мынадай шешімдердің бірі қабылданады:

27.1 Барлық рецензиялаушылардың оң қорытындысы болған жағдайда қолжазба журнал нөмірлерінің бірінде жариялау үшін бекітіледі.

27.2 Рецензиялаушылар келіспеген жағдайда қолжазбаны жариялау туралы түпкілікті шешім Бас редактормен қабылданады.

27.3 Егер рецензияларда қолжазбаны пысықтау қажеттігі туралы елеулі ескертулер мен қорытынды болған жағдайда, қолжазба ескертулерді жою үшін авторға / авторлар ұжымына қайтарылады.

28. Рецензиялардың түпнұсқалары журнал редакциясында 5 жыл бойы сақталады.

29. Журнал редакциясы ұсынылған материалдардың авторларына рецензиялардың көшірмелерін немесе дәлелді бас тартуды жібереді.

6. Рецензиялауға қойылатын талаптар

30. Редакция рецензиялау кезінде қолжазбаны бағалаудың үлгілік нысанын пайдалануды ұсынады (1-қосымша).

31. Рецензия қолжазбаны әділ бағалап оның ғылыми және әдістемелік артықшылықтары мен кемшіліктерін жан-жақты талдауды қамтуы керек. Рецензия: қолжазбаның ғылыми (теориялық, әдістемелік және тұжырымдамалық) деңгейін; қолжазбада қойылған мәселенің өзектілігін, материалдың ғылыми жаңалығын, түпнұсқалығын; зерттеудің ғылыми және практикалық маңыздылығын; тиісті білім саласында ғылыми ұғымдардың дамуына жәрдемдесу дәрежесін; автор келтірген мәліметтердің дұрыстығын; автор / авторлар ұжымы пайдаланатын (енгізетін) анықтамалар мен тұжырымдардың дұрыстығы мен дәлдігін; жасалған тұжырымдардың негізділігін; талдауға тартылатын практикалық материалдың көрнекілігін; автор / авторлар ұжымы келтіретін кестелер мен суреттердің көрнекілік дәрежесін дәлелді бағалаудан тұруы тиіс. Рецензияда сондай-ақ барлық байқалған кемшіліктердің жалпы тізімі мен талдауы, сондай-ақ плагиаттың жоқтығы туралы констатация және қолжазбаны жариялаудың орындылығы немесе оны қабылдамау және пысықтау туралы жалпы қорытынды беріледі. Рецензияда

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Редакция: қайталама
Біріктірілген менеджмент жүйесі	«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ хабаршысы» ғылыми журналындағы қолжазбаларды рецензиялау туралы ереже «ШҚТУ» КеАҚ Е 089-11-2024	11 беттің 9- беті

материалды ұсыну қисыны, баяндау тілі мен стилі, олардың әдеби және ғылыми тілдің талаптары мен нормаларына сәйкестігі де бағалануы тиіс.

7. Қорытынды ережелер

32. Осы Ереженің түпнұсқасы осы Ережені барлық мүдделі тұлғаларға жеткізуді және оның тиісінше орындалуын бақылауды қамтамасыз ететін Ғылыми-зерттеу қызметі департаментінде сақталады.

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Редакция: қайталама
Біріктірілген менеджмент жүйесі	«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ хабаршысы» ғылыми журналындағы қолжазбаларды рецензиялау туралы ереже «ШҚТУ» КеАҚ Е 089-11-2024	11 беттің 10- беті

1-қосымша

**«Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ ХАБАРШЫСЫ»
ғылыми журналында жариялауға арналған рецензия**

ҚОЛЖАЗБА АТАУЫ:

ҚОЛЖАЗБАНЫҢ БАҚЫЛАУ ПАРАҒЫ

** Ең қолайлы позицияларды белгілеңіз*

Тақырып пен аңдатпа қолжазбаның мазмұнын көрсетеді.

☐ Келісемін ☐ Бейтарап ☐ Келіспеймін

Қолжазбада қарастырылған тақырып зерттеуге тұрарлық.

☐ Келісемін ☐ Бейтарап ☐ Келіспеймін

Қолжазбада жеткілікті жаңа және жарияланбаған материалдар бар.

☐ Келісемін ☐ Бейтарап ☐ Келіспеймін

Қолжазбадағы тұжырымдар деректермен расталады.

☐ Келісемін ☐ Бейтарап ☐ Келіспеймін

Қолжазбада қолданылатын әдістер сәйкесінше сипатталған.

☐ Келісемін ☐ Бейтарап ☐ Келіспеймін

Қолжазбаның техникалық сапасы

- ☐ Қолжазбаны ұйымдастыру сәйкес келеді.
☐ Қолжазба тілі айқын, түсінікті, стилистикалық және грамматикалық тұрғыдан дұрыс.
☐ Суреттердің сапасы қанағаттанарлық (затбелгілерді оқу оңай және / немесе графикалық рұқсат қолайлы)
☐ Кесте құрылымы (бар болса) және мазмұны қолайлы

Пайдаланылған әдебиеттер

- ☐ Сілтемелер өзекті және ескірмеген
☐ Өзін-өзі дәйектеудің үлкен саны
☐ Әдебиеттер тізімі толық емес

Рецензиялаушының шешімі

- ☐ **A - қабылдау:** «сол күйінде» (өзгеріссіз *) қолжазбаны қабылдау
☐ **AQ - білінер-білінбес түзетулермен қабылдау:** қолжазбаны білінер-білінбес, бірақ қажетті өзгертулермен қабылдау
☐ **RQ - елеулі түзетуден кейін ғана қабылданады:** елеулі өзгерістер және тексерудің 2-циклі талап етіледі
☐ **R - бас тарту:** қолжазбаны қабылдамау (өзгертулер қабылданбайды).

*** ЕГЕР ҚОЛЖАЗБА «СОЛ КҮЙІНДЕ» ЖАРИЯЛАУ ҮШІН ҰСЫНЫЛСА, РЕЦЕНЗИЯЛАУШЫ ӨЗ ШЕШІМІН НЕГІЗДЕУІ КЕРЕК.**

**РЕЦЕНЗИЯЛАУШЫНЫҢ ЖАЛПЫ ТҮСІНІКТЕМЕСІ ЖӘНЕ АВТОРҒА / АВТОРЛАР
ҰЖЫМЫНА ҰСЫНЫСТАР**

** мұнда кеңейтілген түсініктемелерді және / немесе негіздемелерді енгізіңіз (кем дегенде 200 сөз)*

